

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№114

2017 жылғы 03 наурыз

**Ақтөбе облысының ішкі істер
органдарының жергілікті полиция
қызметі басшысының есебі және
2016 жылға оның қызметін бағалау**

Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы Қ.С.Әлиевтің 2016 жылы атқарылған жұмыстар туралы есебін тындап және талқылай келе, жергілікті полиция қызметі жұмыс жасаған жыл ішінде, «Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның» 30 қадамында қарастырылған, Елбасының тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша белгілі бір нәтижелер бар екендігін Ақтөбе облыстық мәслихаты атап өтеді.

Мақсатты көрсеткіштерге жету үшін жергілікті полиция қызметінің негізгі ұйымдастыру шаралар жоспары Ақтөбе облысының әкімімен бекітілді.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жалпы тіркеудің 6,9%-ға төмендеу деңгейінде, құқықтық тәртіптің негізгі өлшемдері болып табылатын, қылмыстардың төмендеуі байқалады.

2016 жылдың қорытындысы бойынша, 10 мың тұрғынға қылмыс деңгейі 9%-ға төмендеді, республикалық орташа көрсеткіш деңгейінен төмен, яғни өңірдегі криминогендік жағдай жақсарған.

Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері 2016 жылы 1308 қылмысты ашты, оның ішінде 368 ұрлық, 88 тоңау, 10 қарақшылық, 5 кісі өлтіру, 130 бұзақылық және басқалары.

Криминогендік жағдайға әсер ететін көше қылмыстарының саны айтарлықтай азайды, тонау -16% және бұзақылық - 42%, сондай-ақ зорлау - 30%, алаяқтық - 9%, денсаулыққа ауыр зиян келтіру - 3%.

Жол-патрульдік полициясының қылмыстарды дер кезінде ашу бойынша, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау бойынша 1,4%, қоғамдық қауіпсіздік желісі бойынша әсіресе ұсақ құқық бұзушылықтарды анықтау көрсеткіштері жақсарған.

Қабылданған шаралар нәтижесінде, жыл қорытындысы бойынша жасөспірімдер қылмысының 16%, қылмыстық жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың санының 33% төмендеуі байқалады.

Тұрғындар арасында насихаттау мақсатында жергілікті полиция қызметі «Рика ТВ» телеарнасында әлеуметтік бейнеролик әзірледі және ұсақ құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қағидатын іске асыру бойынша «Полиция толқыны» бағдарламасының шеңберінде көрсету жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, рецидивтік және жасөспірімдер қылмысының алдын алу, алкогольдік масаң күйде және отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстар, қоғамдық орындардағы қылмыстың деңгейін тұрақтандыру, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларының өсуіне жол бермеу бойынша бірқатар өзекті мәселелер бар.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 6-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199 Заңының 9-1-бабының 6-тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы Қ.С.Әлиевтің 2016 жылы атқарылған жұмыстар туралы есебі назарға алынсын. Жергілікті полиция қызметінің 2016 жылғы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметіне (Қ.С.Әлиев) ұсынылсын:

1) жергілікті полиция қызметінің отбасылық-тұрмыстық, рецидивтік қылмыстылық пен жасөспірімдер қылмыстылығының профилактикасы, жол жүру қауіпсіздігі және ұсақ құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қамтамасыз ету, мал ұрлығына қарсы күресті күшейту, профилактикалық есепте тұратын адамдармен жұмысты жақсарту бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру;

2) көшелерде және қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстарды болдырмау бойынша жұмыстарға ерекше назар аудару;

3) облыстағы криминогендік ахуалды еңсеру бойынша тежеуші қадамдар жасай отыра, жасалатын қылмыстардың себептері мен шарттарын жүйелі түрде талдау, оларды жою және бейтараптандыру бойынша шаралар қабылдау;

4) жергілікті полиция қызметінің ағымдағы жұмыстары туралы объективті шолу ақпараттарын мәслихаттар мен Қоғамдық кеңестерге жолдау тәжірибесін енгізу;

5) қоғамдық тәртіпті қорғауға азаматтарды, қоғамды кеңірек тарту, құқық бұзушылықтың алдын алу үшін құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдардың әлеуеттік мүмкіндіктерін жұмылдыру;

6) Ақтөбе қаласында және әрбір аудандарда жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін шаралар қабылдау, ашылмаған резонанстық қылмыстар мен азаматтардың заңды құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін бұзушылықтарды ерекше бақылауға алу;

7) жасөспірімдер арасындағы қылмыс және құқық бұзушылықтарды азайту мақсатында, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық орындарында түнгі уақытта болу деректерін анықтау бойынша рейдтік іс-шараларды жүйелі түрде жүргізу;

8) бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейту;

9) облыстың автожолдарында жол-көлік оқиғаларына себеп болатын бұзушылықтарды анықтау бойынша жедел іс-шараларды жалғастыру, балалардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларына ерекше назар аудара отыра, балалардың жол-көлік жарақатының жолын кесу бойынша шаралар қабылдау;

10) жергілікті полиция қызметінің, әсіресе полицияның учаскелік инспекторларының кадр құрамын іскерлік және кәсіби қасиеттерін есепке ала отыра, жариялылық пен ашықтық негізінде қалыптастыруды қамтамасыз ету, учаскелік полиция инспекторларының өздерінің тікелей міндеттерін орындауда немқұрайлылық көрсетпеулері үшін бақылауды күшейту;

11) жергілікті полиция қызметінің өңірлік бөлімшелерінің штаттық санын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету. Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттерді орындауға тартуға жол бермеу.

3. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметімен бірге (Қ.С.Әлиев):

1) көшелерде, азаматтар көп жиналатын, демалатын орындарда және өзге де қоғамдық орындарда құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында биліктің жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп стационарлық полиция бекеттерінің ашылуын және олардың жұмыс істеуін қарастыру;

2) жаяу жүргіншілердің мүдделерін ескере отыра жол инфрақұрылымын жоспарлау және әзірлеу, қауіпті аймақтарда жерасты және жерүсті өткел жолдарының құрылыстарын жүргізу, мектептер мен бала-бақшалардың айналасында көліктерден бос қауіпсіздік аймағын құру, сондай-ақ басқа да шаралар қабылдау;

3) мәдени және саудалық маңызы бар нысандарды салу, сондай-ақ көшелерді қайта құру барысында міндетті түрде көліктерге арналған тұрақтардың болуын қарастыру;

4) жергілікті атқарушы және өкілді органдардың өкілдерінің, Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен, жергілікті полиция қызметі басшылары мен учаскелік полиция инспекторларының халықтың алдында есеп беру кездесулерін ұйымдастыруға барынша ықпал ету;

5) есептік кездесулерде айтылған азаматтардың өтініштеріне жергілікті полиция қызметімен бірге шұғыл ден қою шараларын қабылдау;

6) елді мекендер аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша учаскелік полиция инспекторларының іс-шараларды ұйымдастыруына жан-жақты көмек көрсету;

7) мүдделі мемлекеттік органдармен, мал ұрлығының жолын кесу және оның алдын алу, осы құқыққа қарсы көрініспен күрестің тиімділігін арттыру бойынша бірлескен кешенді жоспар әзірлеу;

8) бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыруға жасөспірімдер мен жастарды барынша тарту мақсатында аула клубтарының желілерін кеңейту бойынша шаралар қабылдау;

9) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті қоғамдастықтың қызметін жақсарту және халықпен алдын алу жұмыстарын жүргізудегі олардың рөлін арттыру бойынша шаралар қабылдау;

10) абаттандыру Қағидаларын және қалалар мен елді мекендер аумағындағы жасыл екпелерді жойғаны және бүлдіргені үшін кінәлі адамдарды анықтау және әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша жұмысты күшейту;

11) полицияның учаскелік инспекторларының тұрмыстық жағдайларын жақсарту, сондай-ақ учаскелік полиция пункттерінің материалдық-техникалық базаларын нығайту бойынша жұмысты жандандыру;

12) елді мекендердегі көше-жол желісін және жергілікті маңызы бар жолдардағы жол-көліктік оқиғаларға себеп болатын кемшіліктерді анықтау тұрғысында тұрақты негізде зерделеу жүргізу;

13) облыстың қалалары мен аудандары аумағында «Қауіпсіз аула» бағдарламасын енгізу бойынша жұмысты жандандыру ұсынылсын.

4. Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметіне (Қ.С.Әлиев) «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Қ.О.Отаров) бірге, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру және оңалту, белгілі бір тұрақты жері жоқтарды әлеуметтік оңалту, әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан азаматтарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру, тәрбиелеу колонияларынан қайтып келген, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған өзге де жасөспірімдерге ерекше назар аудару бойынша жұмыстарды жалғастыру.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (С.Р.Өмірбекова), «Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ (С.С.Мұқанов) Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметімен (Қ.С.Әлиев) бірге, жасөспірімдер мен жастардың ұйымдастырылған бос уақыттарын өткізуіне көбірек тарту үшін аула клубтарының желісін кеңейту бойынша жұмыстарды жалғастыру.

6. «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» ММ (Е.Ж.Нұрғалиев) Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметімен (Қ.С.Әлиев) бірге:

1) жергілікті полиция қызметінің имиджін көтеру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басты назар аудара отырып, учаскелік полиция инспекторлары жұмысының нәтижелерін интернет ресурстарда, жергілікті және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде орналастыру;

2) ұсақ құқық бұзушылықтарға төзбеушілікті, оларды жасағаны үшін жауапкершілікті насихаттауды, ішкі істер органдары қабылдайтын қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды, сондай-ақ өңірдің жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы ақпаратты қамтитын әлеуметтік бейнероликтерді әзірлеу және оларды өңірлік телевизиялық арналарда, кинотеатр желілерінде, LED экрандарда орналастыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

7. Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметіне (Қ.С.Әлиев) «Атамекен» аймақтық кәсіпкерлер палатасымен (Н.Б.Мұқанов) және басқа да бизнес-құрылым бірлестіктерімен бірге, түзелу жолында тұрған тұлғаларды жұмыспен қамту үшін шағын және орта бизнестің, экономиканың нақты секторының қорын пайдалану.

8. Облыс әкімдігіне Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметімен (Қ.С.Әлиев) бірге, жергілікті полиция қызметінің материалдық-техникалық жеткіліксіз жабдықталуына назар аудару және оны кезең-кезеңімен қаржыландыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А. САДЫҚОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА